① ҚОСУ/ӨШІРУ батырмасы
② Дисплей
③ M түймесі
④ Алмұрттың байланыс ұяшығы
⑤ Манжетаның байланыс ұяшығы
⑥ Батареяларға арналған бөлім
⑦ Манжет
⑧ Ауа шығару клапаны
⑨ Айдамалауыш

**Дисплей**

⑩ Систоликалық қысым
⑪ Диастоликалық қысым
⑫ Гипертензия және пульс анықтауышы
⑬ Пульс ырғақсыздығының индикаторы (PAD)
⑭ Ауа үрлеу
⑮ Батареяның таусылу индикаторы
⑯ Сақталған мән
⑰ Ауа шығару
⑱ Қан тамыр соғысы жиілігі
⑲ Жад ұяшықтарының саны

Батареяларды және электронды құралдарды қабылданған нормаларға сәйкес жойыңыз және тұрмыс қалдықтарымен бірге лақтырмаңыз.

Құралды қолданар алдында аталған нұсқаулықты мұқият оқып шығыңыз.

BF қорғаныс класы

Құрғақ жерде сақтаңыз

Өлшеу құралдарының түрін бекіту белгісі

Это уже есть на Казахском: Өнімнің Кедендік Одаққа мүше мемлекеттер нарығында айналымының бірыңғай таңбасы

Сериялық нөмірі(АА-ЖЖ-СССС-Сапта-жыл-сериялық нөмірі)

Каталог бойынша нөмірі

Өндіруші

Қорғаудың II класты жабдығы

Қолдану температурасының шектеуі 10 - 40 °C

Сақтау температурасының шектеу -20 - +55 °C

0-3 жас аралығындағы балалардан алыс ұстаңыз

CE сәйкестік белгісі

Арнауы

Бұл осциллометриялық тонометр 12 жастағы және одан асқан адамдарда артериялық қан қысымын инвазивті емес өлшеуге арналған.

Құрал гипертониямен, гипотониямен, қант диабетімен ауыратын, жүктілік кезінде, преэклампсиямен, атеросклерозбен, бүйрек жеткіліксіздігінің соңғы сатысымен, семіздікпен ауыратын және егде жастағы адамдарда қолдану үшін клиникалық сынақтардан өткен.

Құрметті сатып алушы,

Аспап дәрігерлермен бірлесіп жасалған, ал клиникалық сынақтар оның өлшеулерінің жоғары дәлдігін растады*. Сұрақтар, мәселелер туындағанда, немесе қосалқы бөлшектерге тапсырыс беру үшін сіздің жергілікті Microlife сервис орталығына жүгініңіз. Сіздің дилер немесе дәріханаңыз Сізге Сіздің еліңіздегі Microlife

дилерінің мекен-жайын беруі мүмкін. Балама ретінде www.microlife.com интернет бетіне кіріңіз, мұнда Сіз біздің бұйым бойынша көптеген пайдалы мәліметтер таба аласыз.
Сау болыңыз – Microlife!

** Құралда Британдық Гипертония Қоғамы (BHS) хаттамасына сәйкес клиникалық сынаудан сәтті өткен, марапаттарға ие болған «BP 3BTO-A» моделіндегі өлшеу технологиясы қолданылады.*

**Мазмұны**


1. **Артериалды қысым және өздігінен өлшеу туралы маңызды ақпарат**
   Артериалды қысымды қалай өлшеу керек?
2. **Құралды алғаш рет пайдалану**
   Батареяларды іске қосу
   Сәйкес келетін манжетаны таңдау
   Ауа айдамалауыштың қосылуы
3. **Құрал көмегімен артериалды қысым өлшеуді жүргізу**
   Өлшеудің сенімді нәтижелерін алу үшін ұсыныстар
   Нәтиже сақталуын қалай қайтаруға болады
4. **Ырғақсыздық соғу индикаторының ерте кезеңде пайда болуы**
5. **Дисплейдегі бағдаршам индикациясы**
6. **Мәліметтерді сақтауға арналған жад**
   Сақталған шамаларды қарау
   Жадтың толуы
   Барлық мәндерді өшіру
7. **Батареяның таусылу индикаторы және оларды алмастыру**
   Батареялар таусылуға жақын
   Таусылған батареяларды алмастыру
   Қоректену элементтері және алмастыру процедурасы
8. **Ақаулар бойынша хабарлар**
9. **Қауіпсіздік техникасы, күтім, дәлдікті тексеру және утилизация**
   Құрал күтімі
   Манжетті тазалау
   Дәлдікті тексеру
   Утилизация
10. **Кепілдік**
11. **Техникалық сипаттамалары**


## 1. Артериалды қысым және өздігінен өлшеу туралы маңызды ақпарат

- Артериалды қысым бұл жүрекпен артерияларға берілетін қан қысымы. Әрқашан екі мән, **систоликалық** (жоғарғы) және **диастоликалық** (төменгі) қысым өлшенеді.
- Сонымен қатар, құрал **тамыр соғу** жиілігін көрсетеді (минутына жүрек соғу саны).
- **Тұрақты жоғары артериалды қысым Сіздің денсаулығыңызға зиян келтіруі мүмкін, және бұл жағдайда Сізге дәрігерге жолығу керек!**
- **Артериялық қан қысымының шамадан тыс жоғарылауы** бірқатар себептерге байланысты болуы мүмкін. Дәрігер Сізге мұны толығырақ түсіндіреді және қажет болған жағдайда емдеу әдісін ұсынады.
- Аса жоғары **артериалды қысым көптеген себептерден** туындауы мүмкін. Дәрігер мұны Сізге толығырақ түсіндіреді және қажет болса, емдеу шараларын ұсынады. Дәрілерді қабылдаудан басқа, салмақ және күш жүктемесі, артерия қысымын азайта алады.
- **Ешбір жағдайда дәрігер жазып берген кез келген дәрінің дозалануын өзгертпеңіз!**
- Дене белсенділігі мен күйге байланысты артериялық қан қысымы күні бойы айтарлықтай ауытқуларға ұшырайды. **Сондықтан өлшеу процедурасы әрдайым тыныш жағдайда және Сіз күштенуді сезбеген кезде жүргізілуі керек!** Өлшеудің орташа мәнін анықтау үшін кем дегенде екі өлшеу (әр таңертең және әр кеш сайын) қажет.
- Егер қатар жүргізілген екі өлшеу нәтижелерінде айырмашылық болса, бұл қалыпты жағдай **болып табылады**.
- Дәрігермен немесе дәріханада алынған өлшеу нәтижелері және үй жағдайында алынған нәтижелер арасындағы **айырмашылық та** қалыпты болып саналады, себебі өлшеу жүргізілетін жағдайлар мүлде өзгеше.
- **Бірнеше өлшем** бір өлшемге қарағанда анағұрлым сенімді мәліметпен қамтамасыз етеді.

- Екі өлшеу арасында **шағын үзіліс**, кем дегенде 15 секунд күтіңіз.
- Егер Сіз **жүрек соғысының бұзылуымен** (аритмия, Бөлім «Ырғақсыздық соғу индикаторының ерте кезеңде пайда болуы» қараңыз), Бұл құрал көмегімен істелінген өлшем сіздің емдеуші дәрігеріңізбен бағалануы керек.
- **Қан тамыр соғысы көрсеткіштері кардиостимулятор жиілігін бақылау ретінде қолдануға жарамсыз!**
- **Жүктілік** кезінде артериалды қысымды мұқият бақылау керек, себебі бұл кезең бойы ол айтарлықтай өзгеріп тұруы мүмкін.

☞ Бұл құрал преэклампсия және жүктілік жағдайында қолдану үшін арнайы тестіленді. Егерде сіз ерекше жоғары нәтижені анықтасаңыз, онда сізге 1 сағат ішінде қайтадан өлшемді іске асыру керек. Егерде нәтиже бұрынғыша жоғары болса, онда сіздің емдеуші дәрігеріңізбен немесе гинекологпен кеңесуіңіз керек.

**Артериалды қысымды қалай өлшеу керек?**
ESH, ESC, JSH халықаралық ұсыныстарына сәйкес ересек адамның артериялық қысымының мәндерін жіктеуге арналған кесте. Деректер mmHg (мм рт.ст.) келтірілген.

| Диапазон | | Систоликалық | Диастоликалық | Нұсқаулар |
|---|---|---|---|---|
| 1. | артериалды қысым нормада | **< 120** | **< 74** | Өздігінен бақылау |
| 2. | оптималды артериалды қысым | **120 - 129** | **74 - 79** | Өздігінен бақылау |
| 3. | жоғарлаған артерия қысымы | **130 - 135** | **80 - 84** | Өздігінен бақылау |
| 4. | артериалды қысым өте жоғары | **135 - 159** | **85 - 99** | Медициналық көмекке жүгініңіз |
| 5. | артериалды қысым қауіпті жоғары | **≥ 160** | **≥ 100** | Жедел медициналық көмекке жүгініңіз! |

Қысым екі мән бойынша да анықталады. Мысалы: қысым **140/80** mm Hg (мм рт.ст.) және қысым **130/ 90** mm Hg (мм рт.ст.) екеуі де «артериялық қан қысымы тым жоғары» болып саналады.

## 2. Құралды алғаш рет пайдалану

**Батареяларды іске қосу**
Сіз құралды ашқаннан кейін алдымен батарейкаларды салыңыз. Батарейкаларға арналған бөлім ⑥ құралдың астыңғы жағында орналасқан. Батарейкаларды орнатыңыз (2 x 1,5 В, AAA өлшемді), олардың полярлығын сақтаңыз.

**Сәйкес келетін манжетаны таңдау**
Microlife әртүрлі мөлшердегі манжеттерді ұсынады. Сіздің иығыңыздың айналымына сәйкес келетін өлшемді манжетті таңдаңыз (иықтың ортасында тығыз орналасқан кезде өлшенеді).

| Манжета өлшемі | иық құлашы үшін |
|---|---|
| M | 22 - 32 см |
| M - L | 22 - 42 см |
| L | 32 - 42 см |

☞ Microlife манжеталарын ғана пайдаланыңыз.

☞ Аталған құралмен, L манжета өлшемін қолдану кезінде, көзжеткізіңіз, сәйкесінше оның қара түсті ауа шығарушы қақпағын қолданып жатқандығыңызға.

☞ Осы құрылғымен бірге жеткізілетін M өлшемді манжеттер 22-32 см жоғарғы қол шеңберіне арналған.

▸ Егер құрамдағы манжета ⑦ сәйкес келмесе, сіздің жергілікті Microlife сервис орталығына жүгініңіз.

- Манжетаны құралға манжета байланыстырушыны ⑦ манжета ұяшығына ③ тірелгенше енгізіп жалғаңыз.

**Ауа айдамалауыштың қосылуы**
Алмұрт түтігін алмұрт ⑨ ажыратқышына қосыңыз ④.

☞ Алмұрт және манжета ④ немесе ⑤ ажыратқышына қосылуы мүмкін.

## 3. Құрал көмегімен артериалды қысым өлшеуді жүргізу

**Өлшеудің сенімді нәтижелерін алу үшін ұсыныстар**
1. Тікелей өлшеу алдында физикалық белсенділіктен алшақ болыңыз, тамақ ішпеңіз және шылым шекпеңіз.
2. Өлшеу алдында кем дегенде 5 минутқа отырыңыз және босаңсыңыз.
3. **Әрқашан өлшеуді бір қолда** (әдетте сол қолда) **жасаңыз**. Ұсынылады, сапар уақытында дәрігер екі қолдың өлшемін өткізуге, болашақта өлшемнің ретін орнату үшін. Өлшемдерге жоғары артерия қысымы бар қол дұшар болуы керек.
4. Иығыңыздан тартып тұрған киімді шешіңіз. Жейде жеңін бүрмеген жөн, себебі ол қысуы мүкін, егер бос орналаса, жұқа матадан жасалған жейде жеңдері өлшеуге кедергі келтірмейді
5. Манжеттің дұрыс өлшемі қолданылып жатқанын әрдайым тексеріңіз (манжеттегі таңбалау).
   - Манжетаны тығыз орнатыңыз, бірақ өте қатты емес.
   - Манжета шынтақтан 1-2 см жоғары орналасқанына көз жеткізіңіз.
   - Манжетадағы **сары артерия белгісі** (ұзындығы шамамен 3 см сызық) қолдың ішкі жағында артерия үстінде орналасуы керек.
   - Қолды ол босаң күйде болатындай орналастырыңыз.
   - Манжета жүрек деңгейінде орналасқанына көз жеткізіңіз.
6. Құралды қосыңыз. Ауа шығару клапанын басыңыз және бірнеше секунд ұстап тұрыңыз және дисплейде жыпылықтаған **«0»** және «▲» ⑭ сілтемесінің пайда болуын күтіңіз.
7. Алмұртты бос қолыңызға (өлшеу жүргізілмейтін қолыңызға) алыңыз және манжетаны Сіздің күтілетін систоликалық (жоғарғы) қысым мәнінен сын. бағ. 40 мм жоғары қысымға дейін үрлеңіз. Егер өлшеу жүргізу үшін қысым жеткіліксіз болса, дисплейде қосымша үрлеу қажеттігін білдіретін «▲» ⑭ белгісі пайда болады.
8. Үрлегеннен кейін өлшеу автоматты жүргізіледі. Босаңсыңыз, қозғалмаңыз және өлшеу нәтижесі көрсетілгенше қолыңызды қимылдатпаңыз. Қалыпты дем алыңыз және сөйлемеңіз.
9. Өлшем кезінде, пульс индикаторы ⑫ дисплей бетінде жарық түсіреді.
10. Нәтиже систоликалық, диастоликалық ⑩ артерия қысымын ⑪ және тамыр соғу жиілігін ⑱ (шын көңілді қысқартуларын) қосады. Осы бүктемеде басқада көрсетулерді қараңыз.
11. Өлшеу аяқталғанда ауа шығару клапанын ⑧ манжетадан қалған ауаны шығару үшін басыңыз. Манжетаны шешіңіз.
12. Құралды сөндіріңіз. (Дисплей автоматты түрде 1 минуттан кейін сөнеді).

**Нәтиже сақталуын қалай қайтаруға болады**
Өлшеу нәтижесі көрінісімен Қосу/Сөндіру батырмасын ① басып ұстап тұрыңыз **«M»** символы ⑯ жыпылықтағанға дейін. M батырмасын ③ басып өлшеу нәтижесінің жойылғанын растаңыз.

☞ Сіз өлшеуді кез келген сәтте жылдам әрекет жасайтын тоқтату клапанын ⑧ басу арқылы тоқтата аласыз (мысалы, егер Сіз айдамаланатын қысымнан ыңғайсыздық немесе жағымсыз әсер сезінсеңіз).

## 4. Ырғақсыздық соғу индикаторының ерте кезеңде пайда болуы

Бұл символ ㉒ өлшеу кезінде қантамыр соғысының ақаулары байқалғанын көрсетеді. Бұл жағдайда нәтиже Сіздің қалыпты артериалды қысымыңыздан өзгеше болуы мүмкін - өлшшеуді қайталаңыз. Көптеген жағдайларда бұл қобалжудың себебі болып табылмайды. Алайда егер мұндай белгі тұрақты шығарылып тұрса (мысалы, күн сайынғы өлшеулер кезінде жетісіне бірнеше рет), бұл туралы дәрігерді хабардар қылу керек. Дәрігерге төменде келтірілген түсіндірмені көрсетіңіз:

**Дисплейде жиі ырғақсыздық индикаторының пайда болуы кезінде дәрігер үшін ақпарат**

Құрал қантамыр соғысы жиілігін де сараптайтын осциллометрикалық тонометр болып табылады. Құрал клиникалық тексеруден өтті.
ырғақсыздық белгісі өлшеуден кейін көрсетіледі, егер өлшеу кезінде ақау байқалса. Егер бұл белгі айтарлықтай жиі байқалса (мысалы, күн сайынғы өлшеулер кезінде жетісіне бірнеше рет), онда емделушіге медициналық кеңеске жүгіну керек.
Құрал кардиологиялық қаралуды алмастырмайды, алайда қантамыр соғысы ақауын ерте кезеңінде байқауға мүмкіндік береді.

## 5. Дисплейдегі бағдаршам индикациясы

Бұл ㉓ символы өлшеуден кейін жанады,егерде сіздің систоликалық немесе диастоликалық қан қысымыңыз ұсынылған мәндерден жоғары болатын болса халық аралық нормаларға сәйкес (ESH, ESC, JSH).
Систолическое қан қысымы: > 135 мм. сын. бағ.
Диастолическое қан қысымы: > 85 мм. сын. бағ.

## 6. Мәліметтерді сақтауға арналған жад

Бұл құрал соңғы **30** өлшемді автоматты түрде сақтайды.

**Сақталған шамаларды қарау**
Құрал сөніп тұрғанда M ③ түймесін қысқа басыңыз. Алдымен дисплейде соңғы өлшенген нәтиже шығарылады.
M түймесін қайтара басу алдындағы мәнді көрсетеді. M түймесін бірнеше мәрте басу сақталған мәндер арасында ауысуға мүмкіндік береді.

**Жадтың толуы**

☞ Назар аударыңыз, **30** өлшемдердегі максимал жадтың көлемі шектен шыға алмайды. **Жады толған кезде, ең ескі өлшем 31 нәтиже орнына қайтадан жазылады.** Мәндер максимал жадтың көлемінің табысына дейін дәрігермен зерттеліп отырылуы керек әйтпесе мәліметтер жоғалтылады.

**Барлық мәндерді өшіру**

⚠ Батарейкаларды алып шыққан кезде барлық нәтижелер жад ұяшықтарынан өшіріледі.

## 7. Батареяның таусылу индикаторы және оларды алмастыру

**Батареялар таусылуға жақын**
Егер батареялар ¾ бөлігіне қолданылса, онда құралды қосу кезінде қоректену элементтері белгісі ⑮ жыпылықтайды (жартылай толған батарея көрсетіледі). Құрал өлшеулері сенімді болып қалғанымен, алмастыру үшін жаңа қоректену элементтерін алу керек.

**Таусылған батареяларды алмастыру**
Егер батареялар таусылса, онда құралды қосу кезінде қоректену элементтері белгісі ⑮ жыпылықтайды (таусылған батарея көрсетіледі). Келесі өлшеулер батареялар алмастырылғанша жүргізілуі мүмкін емес.
1. Құралдың астыңғы бөлігіндегі батареялық бөлімді ⑥ ашыңыз.
2. Бөлімде көрсетілген белгілерге сәйкес полярлық сақталғанына көз жеткізіп, батареяларды алмастырыңыз.

**Қоректену элементтері және алмастыру процедурасы**

☞ 1,5 В-тік AAA өлшемді ұзақ қолданылуға арналған 2 жаңа сілтілік батарейкаларды қолданыңыз.

☞ Жарамдылық мерзімі өткен батарейкаларды қолданбаңыз.

☞ Егер құрал ұзақ уақыт бойы қолданылмаса, батарейкаларды алып шығыңыз.

## 8. Ақаулар бойынша хабарлар

Егер өлшеу кезінде ақау туындаса, өлшеу процедурасы тоқтатылады және ақау туралы хабар беріледі, мысалы **«Err 3»**.

| Ақау № | Сипатталуы | Мүмкін ақаулар |
|---|---|---|
| «Err 1» | Сигнал өте әлсіз | Манжетадағы импульсты сигналдар өте нашар. Манжетаны қайта орнатыңыз және өлшеуді қайталаңыз.* |

| Ақау № | Сипатталуы | Мүмкін ақаулар |
|---|---|---|
| «Err 2» ⑱ | Қате сигналдар | Өлшеу кезінде манжета қате сигналдарды тіркеді, мысалы, бұлшық еттердің қимылы немесе жиырылуы. Қолды қозғалтпай, өлшеуді қайталаңыз. |
| «Err 3» ⑰ | Манжетада қысымның болмуы | Манжета қажетті қысым деңгейіне дейін үрлене алмайды. Шығын болуы мүмкін. Манжета дұрыс жалғанғанын және бос емес екенін тексеріңіз. Қажет болса, батарейкаларды алмастырыңыз. Өлшеуді қайталаңыз. |
| «Err 5» | Қате нәтиже (артефакт) | Өлшеу сигналдары нақты емес, сондықтан нәтижелердің көрсетілуі мүмкін емес. Өлшеудің сенімді нәтижелерін алу үшін ұсыныстарды оқып шығыңыз және өлшеуді қайталаңыз.* |
| «HI» | Манжетаның қантамыр соғысы немесе қысымы өте жоғары | Манжетадағы қысым өте жоғары (сын. бағ. 299 мм астам) НЕМЕСЕ қантамыр соғысы өте жоғары (минутына 200 соққыдан артық).<br>5 минут бойы демалыңыз және өлшеуді қайталаңыз.* |
| «LO» | Қантамыр соғысы өте төмен | Қантамыр соғысы өте төмен (минутына 40 соққыдан аз). Өлшеуді қайталаңыз.* |

** Егер осы немесе қандай да бір мәселе қайтара пайда болса, дәрігермен кеңесіңіз.*

☞ Егер Сізге нәтижелер қалыптыдан өзгеше көрінсе, «Бөлім 1.» ақпаратымен мұқият танысыңыз.

## 9. Қауіпсіздік техникасы, күтім, дәлдікті тексеру және утилизация

### Қауіпсіздік техникасы және қорғаныс

- Қолдану жөніндегі нұсқаулығымен сәйкес орындаңыз. Бұл құжатта осы құрылғыға қатысты оның жұмысы және өнімнің қауіпсіздігі жайлы маңызды мәліметтер бар. Қолдануды бастамас бұрын нұсқаулықты мұқият оқып шығуыңызды сұраймыз, және оны одан әрі пайдалану үшін.
- Құрал аталған кітапшада сипатталған мақсаттарда ғана қолданылуы керек. Өндіруші дұрыс емес қолданудан туындаған ақаулар үшін жауапты болмайды.
- Құрал құрамына абайлап қолдануды талап ететін сезімтал компоненттер кіреді. «Техникалық сипаттамалары» бөлімінде сипатталған сақтау және пайдалану шарттарымен танысыңыз.
- Манжеттер абайлап қолдануды талап ететін сезімтал элементтер болып табылады.
- Орнатылған манжетаның ғана үрлеуін жүргізіңіз.
- Егер Сіз құралды зақымдалған деп ойласаңыз немесе ерекше бір нәрсені байқасаңыз, оны пайдаланбаңыз.
- Құралды ешқашан бұзбаңыз.
- Қауіпсіздік бойынша келесі нұсқауларды осы кітапшаның жеке бөлімдерінде оқыңыз.
- Аталған аспаппен алынған өлшеу нәтижесі, диагноз болып табылмайды. Алайда бұл дәрігермен кеңесу қажет емес екендігін білдірмейді, әсіресе емделушінің белгілеріне тура келмейтін болса. Тек қана нәтижелерге сүйене бермеңіз, әр дайым басқада потенциалды пайда болатын белгілерді қарастырыңыз және емделушінің сипатын. Дәрігерге жүгініңіз немесе қажетілігіне қарай жедел жәрдемді шақырыңыз.




Балалар құралды қарусыз қолданыла алмайтынына көңіл бөліңіз, себебі оның кейбір шағын бөлшектері жұтылуы мүмкін. Құрал кабельдермен және түтіктермен жеткізілгенде тұншығу тәуекелі туындауы мүмкін.

### Қарсы көрсетілімдер

Дәл емес өлшемдерді немесе жарақаттарды болдырмау үшін бұл құрылғыны келесі жағдайларда пайдаланбаңыз.

- Құрылғы 12 жасқа толмаған балалардың (балалардың, сәбилердің немесе жаңа туған нәрестелер) қан қысымын өлшеуге арналмаған.
- Ауыр жүрек аритмиясының болуы қан қысымын өлшеуге кедергі келтіруі және алынған нәтижелердің сенімділігіне әсер етуі мүмкін. Бұл жағдайда құрылғының қолдануға жарамдылығын анықтау үшін өзіңіздің емдеуші дәрігеріңізбен кеңесіңіз.
- Қан қысымы қолды қысымның әсерінен қысылатын құрылғының манжетімен өлшенеді. Егер қысымды өлшеу үшін қолданылатын аяқ-қолда жарақаттанған болса (мысалы, ашық жаралары болса) немесе оған арнайы жағдайлар немесе оның бетімен жанасуға немесе қысылуға жол бермейтін емдік процедуралар (мысалы, тамыр ішіне құю) болса, жарақаттың немесе аяқ-қолдың нашарлауын болдырмау үшін құрылғыны пайдалануға тыйым салынады.
- Пациенттің қозғалысы өлшеу процесіне кедергі келтіруі және оның нәтижелеріне әсер етуі мүмкін.
- Өлшеулерді қандай да бір осалдықтары мен аурулары бар пациенттерде, пациенттің бақыланбайтын қозғалысын тудыруы мүмкін қоршаған ортаға сезімтал пациенттерде (мысалы, діріл немесе қалтырау) және дәрігермен анық сөйлесе алмайтын пациенттерде (мысалы, егер олар балалар немесе ес-түссіз науқастар болса) жүргізбеңіз.
- Құрылғыда қан қысымын анықтаудың осциллометриялық әдісін қолданылады. Қан қысымы өлшенетін қолда қалыпты қан ағымы болуы керек. Құрылғы қан айналымы бұзылған аяқ - қолдарда қолдануға арналмаған. Егер сіз қанмен қамтамасыз етудің бұзылуынан немесе қан ауруынан зардап шегетін болсаңыз, құрылғыны қолданар алдында дәрігеріңізбен кеңесіңіз.
- Қысымды мастэктомия немесе лимфаденэктомия операциясы жасалған жақтағы қолыңызда өлшемеңіз
- Құрылғыны қозғалыстағы көлік құралында пайдаланбаңыз (мысалы, автомобильде немесе ұшақта).

**ЕСКЕРТУ**

Оны елемеу өлімге немесе ауыр жарақатқа әкеп соғуы мүмкін ықтималды қауіпті жағдайды білдіреді.

- Құралды тек осы нұсқаулықта сипатталған мақсаттарда пайдалануға болады. Дайындаушы дұрыс пайдаланбаудан туындаған зақымдар үшін жауап бермейді.
- Бір немесе бірнеше өлшемдердің нәтижесіне байланысты пациенттің дәрі-дәрмектері мен емдеу режимін өзгертпеңіз. Емдеу режиміне және дәрі-дәрмектер тізіміне кез-келген өзгерістерді тек медициналық маман енгізе алады.
- Құрылғыны, манжетаны және басқа бөлшектерді зақымданулардың болуына қатысты тексеріңіз. Құрылғыны, манжетаны немесе басқа бөлшектерді зақым немесе олардың жұмысында ақаулық болған жағдайда ПАЙДАЛАНБАҢЫЗ.
- Өлшеу кезінде қолдағы қан ағысы уақытша үзіледі. Қанмен қамтамасыз етудің ұзақ үзілуі салдарынан перифериялық қан айналымы бұзылады және тіндердің зақымдануына әкеп соғуы мүмкін. Үздіксіз немесе ұзақ өлшеу жағдайында перифериялық қанмен қамтамасыз етудің бұзылу нышандарына (мысалы, тіндердің түссізденуіне) назар аударыңыз.
- Қолды манжетамен ұзақ уақыт қысу кезінде перифериялық перфузия азаяды, бұл жарақатқа әкеп соғуы мүмкін. Қолыңызды манжетамен әдеттегі өлшеуді орындау үшін қажет болғаннан ұзағырақ қысуға жол бермеңіз. Әдеттегіден тыс ұзақ уақытқа қысу жағдайында қолдың қысылуын тоқтату үшін өлшеуді тоқтатыңыз немесе манжетаны босатыңыз.
- Құрылғыны оттегіге қанық ортада немесе жанғыш газ көздеріне жақын жерде пайдаланбаңыз.
- Құрылғы суға төзімді немесе су өткізбейтін болып табылмайды. Құрылғыға судың немесе басқа сұйықтықтардың түсуіне жол бермеңіз немесе құрылғыны осындай сұйықтықтарға батырыңыз.
- Пайдалану немесе сақтау барысында құрылғыны, оның керек-жарақтары мен бөлшектерін бөлшектемеңіз немесе жөндеуге тырыспаңыз. Құрылғының ішкі аппараттық немесе бағдарламалық жасақтамасына

кіруге тыйым салынады. Пайдалану немесе сақтау барысында құрылғыға рұқсатсыз кіру немесе оған қызмет көрсету құрылғының қауіпсіз және дұрыс жұмыс істеуіне қауіп төндіруі мүмкін.
- Құрылғыны балалар мен құрылғыны басқара алмайтын адамдардан алыс ұстаңыз. Ұсақ бөлшектерді кездейсоқ жұту немесе құрылғы мен оның керек-жарақтарын кабельдері мен түтіктерімен қысып қалу қаупін есте сақтаңыз.

## НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Оны өлемеу өлімге немесе ауыр жарақатқа әкеп соғуы мүмкін ықтималды қауіпті жағдайды білдіреді.
- Құрылғы қан қысымын тек иықтың ортасындағы өлшеуге арналған. Өлшеуді басқа жерлерде жасамаңыз, себебі қан қысымының көрсеткіштері дәл болмайды.
- Өлшеу аяқталғаннан кейін манжетаны босатыңыз және басқа өлшеуді жасамас бұрын қолдағы қан ағымын қалпына келтіру үшін 5 минуттан сәл ұзағырақ күтіңіз.
- Құрылғыны басқа медициналық электр жабдықтарымен (IU классты) бір уақытта пайдаланбаңыз. Бұл құрылғыны бұзуы немесе дұрыс емес нәтижелерге әкеп соғуы мүмкін.
- Бұл құрылғыны жоғары жиілікті (ЖЖ) хирургиялық жабдықтың, магнит-резонансты терапия (МРТ) жабдығының және компьютерлік томография (КТ) аппараттарының жанында ПАЙДАЛАНБАҢЫЗ. Бұл құрылғыны бұзып, дұрыс емес нәтижелерге әкеп соғуы мүмкін.
- Құрылғыны, манжетаны және керек-жарақтарды «Техникалық сипаттамалары» көрсетілген температура мен ылғалдылықта қолданыңыз және сақтаңыз. Құрылғыны, манжеттер мен керек-жарақтарды «Техникалық сипаттамалары» көрсетілген параметрлерге сәйкес келмейтін жағдайларда пайдалану және сақтау құрылғының дұрыс жұмыс істемеуіне және қауіпті жағдайлардың туындауына әкеп соғуы мүмкін.
- Зақымдануды болдырмау үшін құрылғыны және оның керек-жарақтарын келесі факторлардан қорғаңыз:
  - су, басқа сұйықтықтар және ылғалдан
  - экстремалды температуралардан
  - соққылар мен дірілден
  - тура күн сәулелерінен
  - ластану мен шаңнан
- Терінің тітіркенуі немесе ыңғайсыздық туындаған жағдайда құрылғы мен манжетаны қолдануды тоқтатып, дәрігеріңізбен кеңесіңіз.

**Электр-магниттік үйлесімділік туралы ақпарат**
Бұл құрылғы EN 60601-1-2: 2015 «Электр-магниттік кедергі» стандартының талаптарына сәйкес келеді. Бұл құрылғы жоғары жиілікті (ЖЖ) медициналық жабдықтың жанында пайдалануға сертификатталмаған. Құрылғыны қуатты электромагниттік өрістер мен портативті радиожиілік байланыс құралдарының жанында пайдаланбаңыз (мысалы, микротолқынды пештер мен ұялы байланыс құрылғыларының жанында), құрылғыны жоғарыда аталған көздерден кемінде 0,3 м қашықтықта қолданыңыз.

**Құрал күтімі**
Құралды тазарту үшін тек құрғақ, жұмсақ мата қолданыңыз.

**Манжетті тазалау**
Манжеттен дақтарды дымқыл шүберек пен сабынды сумен абайлап кетіріңіз.

**Ескерту:** Манжетаны кір жуу немесе ыдыс жуу машиналарында жумаңыз!

**Ескерту:** Манжета қақпағын кептіргіш автоматта кептірмеңіз!

**ЕСКЕРТУ:** Ешбір жағдайда ішкі эластикалық камераның жуулуына жол берілмейді!

**Дәлдікті тексеру**
Біз құрал дәлдігін 2 жыл сайын немесе механикалық әсерден (мысалы, құлаудан) кейін тексеруді ұсынамыз. Тест жүргізу үшін сіздің жергілікті Microlife сервис орталығына жүгініңіз.

**Утилизация**

Батареяларды және электронды құралдарды қабылданған нормаларға сәйкес жойыңыз және тұрмыс қалдықтарымен бірге лақтырмаңыз.

## 10.Кепілдік

Құрылғы сатып алынған күннен бастап **5 жылдық** кепілдікпен қамтылады. Осы кепілдік кезеңі барысында Microlife ақаулы өнімді тегін жөндейді немесе ауыстырады.
Құралды бұзу немесе өзгерту кепілдің жоғалуына әкеледі.
Келесі тармақтар кепілдікпен қамтылмайды:

- Көлікпен тасымалдауға байланысты зақымдар.
- Дұрыс қолданбау немесе пайдалану жөніндегі нұсқауларды орындамау салдарынан болған зақымдар.
- Батареяның ағуынан туындаған зақымдар.
- Жазатайым оқиға немесе дұрыс пайдаланбау салдарынан болған зақымдар.
- Материалдарды және пайдалану жөніндегі нұсқаулықты орау/сақтау.
- Тұрақты тексерулер және қызмет көрсету (калибрлеу).
- Керек-жарақтар мен тозу бөліктері: батареялар, қуат адаптері (қажет болса).

Манжетке 2 жылға кепілдік (ауа клапанының герметикалығы) қолданылады.
Егер кепілдік қызметі қажет болса, өнім сатып алынған дилерге немесе жергілікті Microlife қолдау қызметіне хабарласыңыз:www.microlife.ru/support
Өтемақы өнімнің құнымен шектеледі. Кепілдік тауар толықтай, түпнұсқа шотпен қайтарылған жағдайла беріледі. Кепілдік бойынша жөндеу кепілдік мерзімін ұзартпайды және қайтадан қалпына келтірмейді.Тұтынушылардың заңды талаптары мен құқықтары осы кепілдікпен шектелмейді.

## 11.Техникалық сипаттамалары

| | |
|---|---|
| **Қолдану шарттары:** | 10 - 40 °C / 50 - 104 °F<br>Максималды салыстырмалы ылғалдылық 15 - 90 % |
| **Сақтау шарттары:** | -20 - +55 °C / -4 - +131 °F<br>Максималды салыстырмалы ылғалдылық 15 - 90 % |
| **Салмағы:** | 106 гр. (батареяларды қоса) |
| **Өлшемдері:** | 115 x 59 x 30 мм |
| **Манжет өлшемі:** | Манжета өлшеміне қарай 22-42 см («Сәйкес келетін манжетаны таңдау» бөлемін қараңыз) |
| **Өлшеу процедурасы:** | осциллометрикалық, Коротков әдісімен сәйкес: фаза I систоликалық, фаза V диастоликалық |
| **Өлшеулер диапазоны:** | сын. бағ. 20 - 280 мм – артериалды қысым<br>минутына 40 - 199 соққы – қантамыр соғысы |
| **Манжетадағы қысым индикациясы:** | сын. бағ. 0 - 299 мм |
| **Индикацияның минималды адымы:** | сын. бағ. 1 мм |
| **Статикалық дәлдігі:** | сын. бағ. ± 3 мм шегінде |
| **Қан тамыр соғысын өлшеу дәлдігі:** | өлшенген мәннің ± 5% |
| **Қоректену:** | • 2 x 1,5 В сілтілік батарейкалары, өлшем AAA<br>• үнемі тоқтың қуат DC 6V, 600 mA (опциональды) |
| **Батарейдің қызмет ету мерзімі:** | шамамен 780 өлшем (жаңа батарейлер қолданылса) |
| **Қауіпсіздік сыныпы:** | IP 20 |
| **Стандарттарға сәйкес келуі:** | EN 1060-1 /-3 /-4; IEC 60601-1; IEC 60601-1-2 (EMC); IEC 60601-1-11 |
| **Күтілетін қызмет ету мерзімі:** | Құрылғы: 5 жыл |

Аталған құрал 93/42/EEC медициналық қондырғылар бойынша ЕЭС директива талаптарына сәйкес келеді. Өндіруші техникалық өзгерістер енгізу құқығын өзіне қалдырады.